

11 дәріс. Психология бойынша ғылыми кадрлар даярлау ісі. Қазақстандағы алғашқы психология бойынша диссертациялар

Қазақстанда тұңғыш рет психология ғылымы бойынша кандидаттық диссертация 1952 ж. ҚазМУ-дің ғылыми кеңесінде қорғалды. Оның өзі педагогикалық психология саласына қатысты болды. Онда Елеш Суфиевтің (1919-1980) «Қазақ мектептерінің бастауыш класс оқушыларында орыс тілінде сөйлеуді қалыптасрыу психологиясы туралы» атты ғылыми диссертациясы қаралды. Мұнда автор ұлттық мектепте орыс тілін оқыту мәселесін психологиялық тұрғыдан талдайды. Автор оқушылардың ұғынуына қиындық келтіретін кейбір орыс тіліндегі атауларға тоқталып, мұның табиғи-ғылыми жағын И.П. Павловтың жоғары жүйке жүйесі қызметі туралы іліміне негіздей отырып түсіндіреді, оқушылардың кейбір психикалық функцияларының дамыту, орыс тілін оқыту әдістерін жетілдіру жөнінде біраз ұсыныс-кеңестер береді.

Автордың көпшілікке арналған бірнеше мақалалары мен еңбектері бар: «Баланың дамуы және оны мектепке әзірлеу» (1965), «Психология оқулығының қазақша аудармасы туралы» (Халық мұғалімі, 1950 №2), «Қазақ мектебінде орыс тілін оқытудың кейбір психологиялық мәселелері» (1967) т.б. Осы еңбектердің қай-қайсысы да қазақ мектептеріндегі оқу-тәрбие процесін жандандыру үшін қажетті дүниелер еді.

Кейіннен бұл кеңесте Абдолла Темірбеков «Мектеп оқушыларында советтік патриотизм ұғымының дамуы» (1953),

Мәжит Мұқанов «Совет жаунгерлерінің ерлік істерінің психологиялық ерекшеліктері» (1953), Әбдірахман Асылбеков «Мектеп оқушыларында ынтаның қалыптасуы» (1962) және т.б. республикада психологиядан диссертация қорғағандар тізбегін жалғастырды. Көбіне біздің психологтар кеңестік патриотизмді тәрбиелеу мен орыс тілін қалай үйретудің психологиялық мәселелерімен шұғылдануға мәжбүр болды. Яғни, ұлт кадрларына әуелі кеңес мемлекетіне деген бейілділігін, ниетінің түзулігін дәлелдеу керек болды.

А. Темірбеков 30-40 жылдары Орал, Қызылорда пединституттарында директордың орынбасары, Абай атындағы ҚазПИ-де факультет деканы, Өскемен пединститутының ректоры қызметін атқарды, 1962-1972 жылдары Алматы шетел тілдері институтының педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болып істейді. Студенттерге қазақ, орыс тілдерінде психологиядан сабақ береді. Ол 1968-1970 жылдары Қазақстан психологтар қоғамының төрағасы болды. Ол пединституттар мен университеттер үшін С. Балубаевпен бірлесіп «Психология» оқулығын, сондай-ақ мектеп оқушыларының отаншылдық сезімін қалыптастыру туралы бірнеше еңбектер жазды.

Қазақстандағы ғылыми психологияның дамуына елеулі үлес қосқандардың бірі – Мәжит Мұқанов (1920-1985). Ұлы Отан соғысынан оралғаннан кейін Ленинградтағы Н.И. Герцен атындағы педагогикалық институтын бітіріп (1949), кейіннен Қазақ университетінде психология мамандығы бойынша аспирантураны тәмәмдайды. 1953 жылы профессор Т. Тәжібаевтың жетекшілігімен

кандидаттық диссертация қорғайды. Ол 1953-1960 жылдар арасында Алматының шетел тілдері педагогикалық институтының, 1960-1985 жылдары Қазақтың Абай атындағы пединститутының психология кафедрасының меңгерушісі болды. М. Мұқанов 1980 жылы докторлық диссертация қорғап, кешікпей профессор атағын алды. Ол жалпы психология, жас, педагогикалық, этнос психологиясынан жазылған оннан аса еңбектердің авторы.

Ә. Асылбеков жалпы, жас, педагогикалық психология салаларынан студенттерге дәріс оқумен қатар, тәлім-тәрбиенің психологиялық астарлары жөнінде жазылған бірнеше төл еңбектер мен мақалалардың авторы. Автордың психологиядан жазған туындылары оның жас ұрпақты оқытып-тәрбиелеуде ата-ана, ұстаз, тәлімгерлер үшін қажетті дүниелер.